



Отбасы мен мектептің белсенді ынтымақтастығы



«Сәлемдесу» жаттығуы

Нұсқау: Фигуралар бойынша сәлемдесу



Қол
алып



Дауыс
арқылы



Мимика



Бас изеу

Ұлағатты ұстаздар, ардақты ата - аналар!

Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді.

Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.



ЕРЕЖЕЛЕР


1. Бір - бірімізді тыңдаймыз;
2. Жаныңыздағы адамдармен жақсы қарым - қатынаста боламыз;
3. Уақытты үнемдейміз;
4. Белсенділік көрсетеміз;



Ой қозғау

1.Отбасы құндылықтары

2.Мектеп құндылықтары



Тәрбиелеу

- * Сенім білдіру;
- * Үйрету;
- * Мадақтау;
- * Үлгі көрсету;
- * Талап ету;
- * Жазалау;

«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»»

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Доп беру арқылы ата-ана қойылған сұрақтарға ойланбастан жауап береді.

Топпен жұмыс

Отбасы тобына : Отбасы мен мектептің белсенді ынтымақтастықта болуы үшін ата-ананың рөлі қандай?

Мектеп тобына: Отбасы мен мектептің белсенді ынтымақтастықта болуы үшін мектептің рөлі қандай?

«Құбыр» жіптік жаттығуы

Нұсқау: Бір парак
қағазды алып
беттестіріп бүктеу
арқылы «Құбыр»
жасаймыз.



Бала жүрегі



Аңыз «Мәңгілік серік»

Өмірден әбден шатасып, шатасып әбден шаршаған адамдар өмірдің шыңырауына жақындайды, амалдары қалмай не істерлерін білмей, бізді кім қорғап қандай ақыл жол тауып берер екен,- деп абыржып, бір парасатты данышпан адамнан ақыл сұрап барады.

Ол оларға, таңның ең алғаш шыққан жұлдызымен сіздерге мәңгілік серік алдарыңыздан шығады, сол сіздерді қорғап қалады,- дейді.

Мәңгілік серікті күтіп алу үшін адамдар түні бойы жолдың үстінде тұрып таңның алғашқы жұлдызының шыққанын күтеді. Таңның атысымен алыстан келе жатқан көлеңкелерді көріп әне келеді, міне келеді деп, бірінің үстінде ақ шапаны жоқ, бірінде таяғы, бірінде ақ сақалы жоқ, ол да емес, дейді. Сөйтіп тұрғанда алғашқы жұлдыз да шықты. Бір жерде тырналар өлендетті, бір жерде баланың жылаған дауысы естілді. Таңғы жұлдыз жарқырай түсті. Ол кім? Қашан келеді өзі,- деп күбірлесіп тұра берді. Кенет тағы да алыстан шулаған қаздың дауысы, құлындардың шыңғырған дауысы, жылаған баланың дауысы естілді. Бірақ еш нәрсеге мән бермей адамдар екі көздерін жолдан алмай мәңгілік серікті күтумен болды. Ақыры шыдамдары тауысылып әлгі данышпанға келіп өздерінің реніштерін білдірді.

— Сенің айтқан мәңгілік серігің қайда, ешкім де келмеді,- дейді.


— Сіздер баланың жылаған дауысын естідіңіздер ме?,- деді данышпан.

— Иә, бірақ ол сәбидің дауысы ғой?,- дейді.

— Сол сәби сіздердің мәңгілік серіктеріңіз! Сол сіздердің қорғаныштарыңыз,- деп жауап береді.



Әдістемелік нұсқау



Ана тілі пәнінің негізгі ерекшелігі- әліппеден кейінгі кезеңнің жалғастырылып, оқытылуы. Қазақ тілінің грамматикасы мен әдебиет туралы білім жүйесіне кіріспе болып табылады. Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, қарапайым грамматикалық ұғымдармен таныстыру, айтатын ойын толық, түсінікті, жүйелі жеткізе білуге, байланыстыра сөйлеуге үйрету, ауызша, жазбаша тілін дамыту, сөздік қорын байыту және белсендіру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады.



Танымдық қабілетін дамыту:



- олимпиада;
- зерттеу жұмыстары;
- байқаулар;
- әртүрлі тақырыптағы іс-шаралар.

ҰСЫНЫС